

ӘОЖ 811.512.1

З.Н.Жуынтаева, Ә.И.Жұманбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zamza_boia@mail.ru)

Мағынасы күңгірт сөздер тарихы

Қазақ тілінің сөздік қорында тарихи даму барысында өзгерген қыры, сыры мол көп сөздер орын алған. Соның себебінде оның мағыналарын, түп-төркінін білу қиындық тудырады. Мақалада тілімізде қос сөздердің, сондай-ақ фразеологизмдердің құрамындағы мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздердің мәні қарастырылды. Авторлар олардың о баста қай тілде, қандай мағынада қолданылғандығын, сөздердің бастапқы морфемалық құрамы мен семантикасын айқындады. Ол сөздердің көне түркі немесе басқа түркі тілдеріндегі қолданыстары мен мағыналық ерекшеліктері талданды. Қазақ тілінің сөздік қорының даму тарихы тіл дамуының түрлі кезеңдерінде өзгеріп отыратындығын дәлелдеді.

Кілт сөздер: сөздер тарихы, түркі тілдері, көне түркі тілі, семантика, қос сөздер, фразеологизмдер, сөздік қор.

Тарихи лексикология тіл фактілерін зерттеуде тарихи принципке сүйенеді. Ол белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына және сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-сана т.б. экстралингвистикалық факторларына байланысты зерттелуі керек. Өйткені әрбір тілдің лексикалық қоры, қат-қабат сөз байлығы, сайып келгенде, сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен тікелей байланысты, сол халықтың халық болып қалыптаса бастаған ұзақ дәуірінің жемісі, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын асыл да абзал мұрасы, сол халықтың мәдени, рухани өмірінің айнасы болып саналады. Әрбір тілдің сөз байлығын тарихи тұрғыдан зерттеу дегеніміз — оны сол тілдің өз топырағында, өзіндік даму үрдісін, сыр-сипатын ескере отырып қарастыру [1; 7].

Қазақ тілінің басқа туыс (қырғыз, өзбек, түркімен, башқұрт, ұйғыр т. б.), туыстас (монғол, бурят, қалмақ) және өзге системалы (орыс, қытай, араб, иран т. б.) тілдерімен көрші ретінде де, тарихи-саяси, мәдени, географиялық жағдайларға байланысты да әр дәуірдегі қарым-қатынастары, олардың өзара ықпалы, лексикалық ауыс-түйістері ерекше назар аудартады.

Біздің мақсатымыз тіліміздегі кейбір мағынасы түсініксіз сөздердің семантикасын ашу болып табылады. Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» еңбегін негізге ала отырып, сондай сөздерді қарастыруды жөн санадық. Бұл зерттеуде ақын-жыраулар тілінде кездесетін сан алуан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамындағы көне сөздердің байырғы мағыналары ашылып, олардың семантикалық өрім-өзгерістері сараланады. Қазіргі тіліміздегі бастапқы мағынасы күңгірттенген немесе мүлде ұмытылған, тарихи тұрғыдан түркі-монғол, түркі-иран тілдеріне ортақ сөздердің әуелгі мәні анықталып, олардың түп төркінін анықтаудың жолдары мен тәсілдері, шарттары айқындалады. Сөздердің көпмағыналылығы, тарихи кезеңдердегі тұлғалық және мағыналық өзгерістері ашылады.

Сөздер тарихында сөз мағынасының күңгірттену процесі көп байқалады. Бұл — тілімізде жиі орын алатын құбылыс. Сөз мағынасының ұмыт бола бастауы — сол сөзді қолданыстан не мүлде шығарып тастайды, не тек белгілі бір орында: тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдерде, қос сөздерде ғана келеді. Олай болса, қазақ тіліндегі сыңарлары мағынасыз қос сөздерге тоқталып, олардың мағынасына этимологиялық тұрғыдан талдау жасап көрейік.

Қосарлама сөздер мағыналық ерекшеліктеріне қарай екі салаға бөлінеді:

- а) мағыналы компоненттерден құралған қосарлама сөздер;
- б) мағынасыз компоненттерден құралған қосарлама сөздер [2].

Тілімізде бір сыңары немесе екі сыңары да мағынасыз сөздер кездеседі.

Қазақ тілінде дыбысы жағынан үндес, тұлға жағынан сәйкес, мағына жағынан бір-біріне үйлесімді жеке-дара дербес, не біреуінің мағынасы күңгірттенген екі сөздің өзара жымдаса бірігуінен туындаған қос сөздер бар. Мәселен, *ағыл-тегіл, жылап-сықтап, айт-үйт* т.б. Қосарлы қос сөздердің жалпы да жинақтау мағынасы олардың құрамына енген сыңарларының беретін мағыналарынан әлдеқайда ауқымды және кең. Қосарлы қос сөз жасалуында мынадай шарт сақталу қажет: сыңарлары арасындағы дыбыстық үндестік (мысалы, *ағыл-тегіл, жылап-сықтап, ептеу-септеу* т.б.). Мұнда *ағыл-тегіл* сөзіндегі *ағыл* да, *тегіл* де *ақ* (ағу), *төк* (төгу) етістік түбірлеріне сабақты етістіктен салт етістік тудыратын *-ыл, -іл* жұрнағының жасалуы арқылы жасалған. Былайша айтқанда, бұл қос сөз о баста «Ағыл жыр, тегіл өлең» (Жамбыл) дегендегі жеке-дара айтыла беретін сөздерден жасалған. Бірақ бертін келе бірінші компоненттің ауанымен екінші компонент өзгеріп, жеке айтылмайтын *тегіл* формасына ауысқан. Сонда *төгіл* — *тегіл* болып, яғни *төгіл* сөзінің түбіріндегі *ө* дыбысының *е* дыбысына ауысуында мынадай фонетикалық заңдылық байқалады:

а) алдыңғы компоненттің екінші буынындағы қысаң езулік *ы* дыбысы ілгерінді ықпал заңы бойынша өзімен іргелес *төгіл* сөзінің бірінші буынындағы ашық дауысты еріндік *ө* дыбысын *е* дыбысына өзгерткен;

ә) *ө* дыбысының *е* дыбысына айналуына байланысты *төгіл* (айтылуы: *төгүл*) сөзінің екінші буынындағы дыбыс та қысаң езулік *і* дыбысы болып естіледі. Сөйтіп, екі қысаң езулік дыбысының ортасында келген *ө* дыбысының *е* дыбысына өтуі — қазақ тілі үшін заңды нәрсе [1; 24].

Ғалым Р.Сыздықова: Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында көне түркі заманынан сақталып келген, бірақ бұл күнде жеке тұрып, сол көне мағынасында қолданылмайтын біралуан сөздер бары байқалады. Ол сөздер негізінен тұрақты тіркестер (фразеологизмдер мен қос сөздер) және лексикалық тіркестердің (күрделі сөздер мен күрделі етістіктердің) құрамында қолданылады [3; 166], — дейді. Енді сондай сөздерге талдау жасап көрейік.

Өлім-жітім. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде *-йит* — етістігі «жоғалу, жоқ болу» деген мағынаны білдірген, мұнда да *өл-йит* деп қолдану бары көрсетілген. Демек, *өлім* сөзі бүгінгі қазақтарға түсінікті, ал *жітім* — «бір нәрсенің жоқ болуы», яғни *жоқ іздеп жүрмін* дегендегі *жоқ* сөзінің мағынасын білдіретін тұлға. Көне түркілерде «жоғалған зат (мал)» ұғымына *йитүк (жітім)* тұлғасы болған; *ер йитүк сорды* — кісі жоғалған нәрсе (жоқ) туралы сұрады (сұрастырды).

Демек, *өлім-жітім* тікелей беретін «өлген, өшкен, жоғалған, жоқ болған» деген жинақтау мәнді білдіретін қос сөзге айналған. Бұл көбіне малға қатысты айтылады: мал тек өліп қоймайды, сонымен қатар өзгеше түрде де «жоқ болады» ғой: ұрланады, ит-құсқа жем болады, тұралап қалады т.т. Осы соңғы жоқ болушылықты қос сөздің *жітім* сыңары білдіретін сияқты немесе бұл компонент алдыңғы «жоқ болушылық» — *өлім* деген ұғымды күшейте түсуге келген «көмекші күш» болып танылуы мүмкін.

Біздің байқауымызша, «өлітпіді» мағынасындағы *басына жетті* деген тіркестің о бастағы көне түркілік қолданысы *басы йитті (жітті)* болса керек. Демек, ол «басы жоқ болды, өлді» деген ұғымдағы тіркес болып шығады. Соған қарағанда, қазіргі қазақ тіліндегі «көзін құрту, жоғалту, тығу, жасыру» мағынасындағы *жытыру* етістігінің фонетикалық варианты деп қарауға болады. Жуан варианты жеке қолданылатын сөз болып сақталған да, жіңішке нұсқасы тек сөз тіркесінде «сіріленіп» қалған сияқты [3; 84].

Үш қорықтың иелері боп отырған бес-алты ауылдың ішінде мұндай өлім-жітімді көрген жалғыз осы Жидебайдағы ауыл (М.Ә.). Мысалдан аңғарғанымыздай, қазіргі тілімізде де малға қатысты жоқ болу мағынасын беріп тұр.

Біз де ғалымның осы пікірін құптай отырып, *жітім* сыңарының жытыру етістігінің жіңішке тұлғасы деп қарағанды жөн деп таптық.

Іркес-тіркес. Бұл қос сөздің соңғы сыңары әбден түсінікті, ол *тірке* етістігімен түбірлес сөз. Бұл етістіктен жасалған тіркес тұлғасы «қатарласқан тізбек» мағынасында және «жалғас, қатар» деген есім ұғымында қолданылады. Ал іркес-тіркес дегендегі *іркес* сөзінің түбірін *ірік* — «бөгеу, тежеу, тоқтату, ішіне бұғу, жасыру» етістігі деп тануға келмейді. Сірә, бұл көне түркі тілдерінде қолданылған «керуен» мағынасындағы *арқыш-теркіш* сөзінің «қазақшасы» болу керек. *Арқыш* сөзінің жеке тұрғандағы бір мағынасы «керуен» (ол да «қатарланған көліктер тізбегі»). Осы «керуен»

мағынасындағы *арқыш-теркіш* тұлғасы қазақ тіліне *іркес-тіркес* болып көшкен болар деп топшылаймыз [3; 164]. *Күн көзі де әбден жылынып, аспанда жазғытұрдың ақ мамық бұлттары жөңкіліп іркес-тіркес көшті* (М.Ә.). Біз де ғалымның осы пікірін қолдаймыз.

Жөн-жосық. Бұл сөз тілімізде жиі қолданылады. Оның құрамындағы *жосық* сөзінің мағынасы түсініксіз. Мысалы: *Желі басында ертеден қара кешке дейін бие сауған Бүркітбай да қасындағы көмекшісі бала жігіт Баймағамбетке әр биені саууға отыра бере ауыр-ауыр кейістік, жөн-жосығын айтады* (М.Ә.).

«Алпамыс» жырында Тайшық хан дуана болып келген қызына:

Берейін саған осыны

Айуан тілін аңғарар

Сөзіңнің жота жосыны, –

дейді. Мұндағы *жота жосын* деген сөздер «сөзіңнің жөні» дегенді аңғартады. *Жосын* — *йосун* сөзі көне түркі тілдерінде «тәртіп, әдет» дегенді білдірген. Қазақ тілінде *жосын* сөзінің *жосық* түрі активтеу, ол «жөн, бағыт, жоба» деген мағыналарда жұмсалған. *Жөн-жосық* болып қосарланып та келеді. Мұның *жосын* варианты көне жырларда, өткен ғасырларда жасаған кейбір ақын-жыраулардың тілінде оқта-текте ғана ұшырасады. Ал қырғыз тілінде көбінесе *жосун* түрінде қолданылады. Мағынасы — «рет, тәртіп, жөн, жосық». Осыдан туған *жосуундуу* («халық дәстүрін ұстаушы, оны жақсы білетін адам»), *жосуунсуз* («тәртіпсіз, көргенсіз») дегендер де қырғыздың қазіргі тілінде қолданыстағы сөздер.

Сөйтіп, *жосын* сөзі — *жосық* сөзінің варианты болып, «жөн, рет, тәртіп» және «әдет-ғұрып, салт» мағыналарында қолданылатын сирек сөздердің бірі [3; 83].

Жосын сөзі кейбір диалектілерде қолданылатындығын айта келіп, Ә.Нұрмағанбетов былай дейді: «Дәстүр, әдет-ғұрып. Бұрынғы келе жатқан жосынды білмейді екенсің. Монғолдарда — *ес*, қалмақтарда — *йосун*, ал манчжур тілінде — *йосу* — дәстүр, әдет-ғұрып. Манчжурлар бұл сөзді қытай тілінен ауысып келген,» деп көрсеткен. Енді бір жерде *йосо*, *йосу* тұлғалары — *сенім, сену, дәстүр* мағыналарына ие екендігі және оның бұл тілдерге монғолдардан өткендігі белгілі.

Осы деректерге қарағанда, тіліміздегі ерекшелік болып көрінген «жосын» сөзінің төркіні — монғол тілі болса керек және сол тілден көршілес отырған түркі, тұңғыс-манчжур тобындағы кейбір тілдерге ауысқан деуге болады [4]. Ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, ортақ көзқарастар байқалады. Тілімізде қолданылып жүрген *жөн-жосық* қос сөзінің түсініксіз сыңары «әдет-ғұрып, салт, тәртіп» деген мағынада қолданылып тұрғандығы айқын көрініс береді.

Жылы-жұмсақ қос сөзі жақсы тағам, піскен ас деген мағынаны білдіреді. Мұндағы *жылы* сөзін біз *суық* деген сөзге қарама-қарсы мағынада жұмсаймыз. Қос сөздегі *жылы* бұл мағынада емес.

Р.Сыздықова пікіріне сүйенсек, «бұл сөздің о бастағы тұлғасы *жаулы* / *жаулығ* / *жағлығ* болып табылады. *Жағ* — *жау* түбірі «май» деген ұғымды білдірген. Демек, еттің жылы-жұмсағы оның «майлы-жұмсақ», яғни ең дәмді жерлері, дегенді білдірген. *Жау* сөзінің көне замандарда «май» мағынасындағы сөз болғанын, оның *жаужұмыр*, *жаубүйрек* деген атаулар құрамында келіп, «май, майлы» деген ұғымды білдіргенін білеміз. Көне түркі тілдерінде де *йағлығ-йумшақ* деген қос сөз болған, оның бір мағынасы қазақ тіліндегідей, «жұмсақ» болса, екіншісі «бітік егін» деген ұғымды берген.

Сөйтіп, *майлы*, *әрі жұмсақ* деген сөздерден жасалған *жылы-жұмсақ* дегеннің бірінші сыңары *жаулы* сөзінің «майлы» мағынасы қазақ тілінде күңгірттенгендіктен, ол түсінікті *жылы* тұлғасына ауысып қалыптасып кеткен. Мағынасы күңгірт сөздердің тұлғасын ауыстырып жіберу — жиі кездесетін құбылыс» [3; 84]. *Құнанбайдың үлкен шаңырағында, Ұлжан қолында жылы-жұмсаққа ие боп қалған Оспан еді* (М.Ә.). Мысалдан байқағанымыздай, *майлы*, *дәмді* тәрізді мағыналар аңғарылады.

Сыбай-салтаң. Р.Сыздықова бұл сөз жайында: «Бұл сөз сыбай-сылтаң деген қос сөз құрамында айтылады. Ілгеріректе сыбай сөзінің жеке тұрып, белгілі бір мағынаны білдіргенін байқаймыз. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Көп қайырың тиеді

Еліңде қоңсы, сыбайға, –

деп келеді. Өткен ғасырда құрастырылған Н.И.Ильминскийдің сөздігінде «сыбай» — живущий близ чьего аула деген мәлімет бар. Сонда *сыбай* сөзі *қоңсы* сөзінің синонимі іспеттес болып келеді. Оны жоғарыдағы мысалда қатар қолданылғаны да дәлелдейді.

Сыбай-субай сөзінің екінші мағынасы және бар. Л.Будагов *субай* сөзі шағатай тілінде «салт, бір өзі, қарақан басы» (яғни баласыз, мүліксіз, туыстарсыз) ұғымы бары сезіледі. Қырғыз тілінде бұл сөз *субай* тұлғасында және қолданылып, малға қатысты айтылса, «төлсіз» дегенді (*субай жылқы* — «ішінде төлдері жоқ жылқы үйірі»), ал адам жайында айтылса, жалпы «баласыз әйел немесе бала-шағасын ертпей шыққан әйел» деген ұғымда жұмсалады: *субай барамыз* деген сөз — *бала-шағасыз* және *артық жүксіз* бір жерге кеткен не барған ересектердің айтатын сөзі.

Қазақ тілінде біреудің ауылына жақын келіп қоныс тепкен адамның *сыбай* аталуында да өз руластарынсыз салт, дара (бір өзі) деген мәні бар. *Қоңсы* да сондай: бұрын *қоңсы қону* деген сөз өз аталастарынан шығып, өзге атаның, өзге рудың адамын паналау дегенді білдірген. *Сыбай* сөзінің «бір өзі, қарақан басы» деген мағынасы Қобыланды сынды аға-інісіз жалғыз бас батырға астындағы тұлпарының:

*Ат қылып тәңірім жаратты
Сен сықылды сыбайға, —*

дегенінен де аңғарылады. Қазіргі әдеби тілімізде *сыбай* сөзі түсіндірме сөздікке жүгінсек, «жақын, аралас-құралас» деген мағынада қолданылады дейді, бірақ келтірілген мысалдар айтыс өлеңдер сияқты халық ауыз әдебиетінен алынған. Демек, бұл мысалдардағы *сыбай* сөзінің беріп тұрған мағынасы жырларда қолданылып бұрынғы мағынасынан алшақтамағанын көреміз. Қазірде бұл сөз жеке-дара сирек қолданылады» [3; 111]. *Тағы бір қалың топ — сыбай-салтан әйелдер батысқа қарай тартып барады* (М.Ә.).

Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарында *сыбай* сөзі «салт, басы бос» деген мағынада қолданылады. Бұл сөз тіркесіндегі *сыбай* сөзі кейбір түркі тілдерінде «бойдақ, жалғыз басты» деген мағынаны білдіреді: *субай* — эзербайжанша *бойдақ* [5]. Ал, *салтан* сөзі *салт* сөзінің бір нұсқасы болуы ықтимал. Сонда, «салт, басы бос, бойдақ» мағынасын беретін екі түркі сөзі плеоназм ретінде қабат қолданылып, қалыптасып кеткенге ұқсайды.

Қос сөз құрамындағы *сыбай* сөзінің мағынасын Л.Будаговтың түсіндіруі орынды деп санаймыз. Ал «салтан», біздің ойымызша, «салт» дегеннен шыққан.

Тіліміздегі кейбір тұрақты тіркестердің құрамында мағынасы күңгірт сөздер де көптеп кездеседі. Мәселен, *жұрдай* болу, *түйдей* жасты, *міз* бақтау, *мысы* құру, *сағы* сыну, *ту* сырт, *оқасы* жоқ, *қан* базар, *зығырданы* қайнау, *құрақ* ұшу, *аза* бойы *қаза* болу, *азан-қазан* болды; сөзге *қонақ* бермеу, *ұл* болмасаң, *бұл* бол; басы *бапандай*, аяғы *сапандай*//басы — *бапан*, аяғы — *сапан*; бармасаң *бадал*, қара жерге *қадал*; жер астынан *жік* шықты, екі құлағы *тік* шықты т.б. тұрақты тіркестер құрамындағы сөздердің мағынасы күңгірт тартып, лексикалық бірлігінен айырылған. Мұндай жағдайға келтірген себептердің бірі — тұрақты тіркес шеңберімен шектелуіне байланысты, олардың тілдегі қолданылу жиілігінің азаюы. Сирек қолданылуының салдарынан бұл тәрізді сөздердің лексикалық мағыналары күңгірттенеді, бара-бар архаизмге ауысып, этимологиялық нысанға айналады. Жеке лексикалық бірліктердің кейінгі буындар үшін ұмыт бола бастауына екінші бір себеп — олардың тұлғалық, дыбыстық өзгерістер де мағыналық өзгерістер тәрізді, белгілі бір морфологиялық және фонетикалық заңдылықтар негізінде пайда болып отырады. Осындай тілдегі болып жататын өзгерістер әсерінен тіл байлығымыз байып отырады. Бір жағынан, осы толассыз сырттан еніп жатқан ауыс-түйіс сөздер арқылы сөз қорымыз байып отырады, екінші жағынан, көнерген, ескірген сөздер жойылады. Бірақ көнерген, ескірген сөздердің бәрі бірдей біржола қолданыстан шығып қалмайды: олар бейне бір тіл тұлғасындағы ескінің елесі, көненің көзі іспетті өз нақыш-сәнімен, өз жарасымдылығымен көпке дейін сақталып қала береді. Бүгінгі буындардың біле бермейтін ана тіліміздің сыр-жұмбағы дегенде, біз тілдік қордың осындай жақтарына, осындай ерекшеліктеріне назар аударғаны жөн деп санаймыз.

Ала көз. Алабұрту. Ала ауыз. Фразеологиялық сөздікте *ала* *жібін аттамады*, *ала арқан*, *ала көзімен атты* т.б. *ала* сөзімен тұрақты сөз тіркестері *қиянат жасамады*, *сұғанақтық істемеді*, *арамдыққа бармады*, *ат кекілін кесісті*, *біржола араздасты*, *бөлінді*, *жақтырмады*, *жаратпады* деген мағынада жұмсалатындығы көрсетілген [6; 39]. Р.Сыздықова бұл сөздің жылқының түсін білдіретіндігін, кейбір біріккен (*аламан*, *алапат*), қос сөздер (*алай-түлей*), күрделі тіркестер құрамында (*ала сапыран*, *ала қырғын*, *ала топалаң*) «өлтіру, қырып-жою» мағынасын білдіретіндігін айтады [3; 28, 29]. *Ала* сөзінің бір мағынасы бірқатар түркі тілдерінде «келіспеушілік, араздасу, бөліну» екені көрсетіледі. Көне түркі тілдерінде де *ала* сөзінің бір мағынасы «келіспеушілік, қастандық» екенін М.Қашқари көрсетеді жоқ [7]. *Ала көз, алабұрту, ала ауыз* тіркестеріндегі келіспеушілік, қастық мәнін жасауға *ала* сөзінің мағынасы негіз болғанын байқау қиын емес. Бұл сөздердегі *ала* тұлғасының не *түске*, не *ұрыс-соғыс* ұғымына қатысы жоқ [3; 32].

Қазақ тіліндегі *ала көлеңке, алагеуім, ала көбеде, алаң-елеңде, алажаулы бұлт, алақанат немесе аласабыр жер, аласабыр шақ, ала құйын, ала сапақ кез*, қырғыз тіліндегі *ала шабыраң немесе ала шабырт* («көктемнің ерте кезі, аласабыр шақ»), *алағанчық чыбырғақ, алабарман, аладүн*, татар тіліндегі *ала қар* («ерте көктемдегі бір жерде еріп, бір жерде сақталған қар»), ұйғыр тіліндегі *күн ала қашқа болғанда* («алагеуімде»), *ала-тайин* («күмәнды, белгісіз») деген сөздерден көрінеді. Қырғыз тіліндегі *ала жай* («ерте көктем, яғни қыс емес, бірақ әлі жаз да емес аласабыр шақ») сияқты тіркестердегі *ала* сөзінің семантикалық кілтін да осы жерден іздеу керек, — дейді Р.Сыздықова [3; 170]. Ғалым бұл сөздің түркі тілдеріндегі мағыналарына тоқтала келе, әрі қарай «біркелкі емес, тегіс емес, анық емес» деген мағынадан «бейберекеттік, тәртіпсіздік, дүрбелеңдік» идеясы туады. Сондықтан бұл модификацияны, яғни *ала* сөзінің ауыспалы мағынасын қазақ тіліндегі *алағай-бұлағай, алас-қапас, алағүлік, ала сапыран* деген сөз тізбегінен табамыз. Бұл талданған мысалдардың барлығы *ала* сөзінің түпкі көне түркі тіліндегі де бар мағынасына қатыстылар. Ал қазақ тілінде *ала* компоненті бұл көрсетілгендерден өзге мағынада келетін сөз тіркестері мен туынды сөздер бар. Мысалы, *алақ, алақта, алақ-жұлақ* (қарау), *көзі алару*, қырғыз тіліндегі *алағар*, немесе *алағай көз, алақсы*, дегендердегі *ала* түбірі *көздің аласы* дегенге апарады Демек, бұл сөздің түпкі мағынасында шабуылға, талауға, қырғын-сүргінге қатысты мән бар. Сөз тарихын қуалағанда, *ала* деген бір ғана тұлғаның туынды сөз, күрделі сөз, тіркес құрамында бірнеше мағынада келетіні байқалады. Ол мағыналардың бірқатары түпкі семантикадан тараған ауыспалы түрлері болса, енді біреулері «ұрыс, соғыс, қырып-жою» мағыналары бар және «көпшілік, масса» деген мағыналық реңкті қамтитын өз алдына бөлек сөздер болып шығады [3; 171, 172]. Біздіңше, бұдан шығатын қорытынды: *ала* сөзінің жоғарыда айтылған түрлі мағыналарда жұмсалуды деп білеміз.

Зығырданы қайнау. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл фразеологизмді «ыза кернеу, ашулану, ызалану» деп түсіндіреді және оның «зығыры қайнау» түрінде айтылатынын ескереді [8, 297]. *Зығыр* — «ашу», «ыза», «кек». Кейінгі нұсқа алдыңғы нұсқаның қысқарған түрі. Өйткені бұл тұрақты сөз тіркесінің этимологиясы тек *зығырдан* сөзіне ғана байланысты анықталатынын көреміз. Бұл жердегі *зығырдан* парсы тілінен енген *заһардан*, яғни, «зәһәр, у құйған ыдыс», ауыспалы мағынада «өт жолы». *Заһарданның зығырданға* айналуы — қазақ тілінің дыбыстық жүйесі тұрғысынан дәлелдеуге болатын құбылыс: *зәһәр* сөзі (*h*) дыбысының ерекшелігіне байланысты бірде *зәр*, бірде *зығыр* (*h-г, ә-ы*) түріне ауыса береді. Сонда *зығырданның қайнауы*, яғни, *у салған ыдыстың қайнауы* мен *қатты ашуланудың, бойды ыза кернеудің* арасында логикалық та, образдылық та байланыс, ұқсастық бар. Бұл үдерістің биологиялық тұрғыдан да дәлелді екені сөзсіз [9; 293].

Зықын (зықысын) *алды* (шығарды) — *әбігерге түсірді, берекесін алды, беймаза етті* [6; 297]. Сонда тұрақты тіркес құрамындағы *зығырдан* сөзі жайында ғалым Ә.Қайдардың берген пікірі орынды екені талас тудырмайды.

Мысы құру. *Мысы басты* (жеңді) — *сұсы басты*. Мысалы: *Әлде ел аузына ілінген жас батырдың мысы жеңді ме, бие сауымындай мезгіл алысқаннан кейін Байтабын жсығылған-ды* (І.Есенберлин).

Фразеологизмнің жалпы мағынасы елдің бәріне де түсінікті. Сонда *мысы* дегеніміз не? Бұл сөз осы тұрғанында тәуелділік форма түрінде келгендіктен, оның негізгі түбірлік тұлғасы *мыс* болмақшы. Бірақ, бұл *мыстың* «медь» мағынасындағы «металмен» еш қатысы жоқ. Қазақ тілінде *мыс* тек осы фраза құрамында ғана сақталып қалған да, оның бұрынғы лексикалық мағынасы ұмыт болған. Алайда бұл сөздің көне түркі, бірқатар қазіргі түркі тілдерінде де әр түрлі фонетикалық тұлғада (*біс-быс-пыс-мыс-міс* т.б.) сақталып, о баста да, қазір де *пышақ, қылыш, селебе* тәрізді кесетін аспаптардың өткір жүзін білдіретіндігін тарихи-салыстырмалы әдіспен толық дәлелдеуге болады. Сонда тіліміздегі *мысы құру//мысы қайту* фразалары басқаша айтқанда, «жүзі қайту, жүзі қайырылу, мұқалу» деген нақты мағынаның негізінде жасалып, идиомаға айналған. Ол «амалы таусылу», «беті қайту», «айла-шарғысы жетпеу», «амалсыздану» тәрізді мағыналарда қолданылғандықтан, о бастағы «жүз» мағынасынан мүлдем алыстап кеткен және ұмыт болған [9; 291].

Сұс — айбат, қаһар, ызғар. *Сұс көрсетті* — сұстанды, айбаттанды [8; 748].

Мыс сөзі, сонымен, түркі тілдерінің өзіне ғана тән төл түбірі. Оның арғы төркініне барсақ, тілімізде күнделікті қолданылып жүрген *пышақ, пішу, пішен* тәрізді сөздердің өздерімен тарихи түбірлес екенін көреміз. Басқаша айтқанда, *мыс* та, *пиш* те бір түбірден өрбіген сан алуан этимологиялық нұсқалардың бір көріністері ғана. Дәл осы сөз, мысалы, қазіргі ұйғыр, тува, т.б. тілдерде *біс* түрінде жеке-дара қолданылып жүр. Бұл түбір сөз түркі тілдерінде етіс және етістік мағынасында қатар айтыла беретін көне синкретикалық түбірлер қатарына жататыны өзінен-өзі көрініп тұр: *пиш* бірде *пышақтың жүзі*, кесетін жағы да, бірде *кесу, пішу* қимылының өзін білдіріп тұр [9; 291].

Ал, этимологиялық анализді ары қарай тереңдете түссек, *niu/bic* түбірлерінің өзі Махмұт Қашғари заманында туынды түбір болып есептелген; көне ұйғыр жазу ескерткіштер тілінде *bi-* [бі-] «пышақтың жүзі, пышақ сияқты аспап» мағынасында қолданылған [9; 292].

Біздің ойымызша, бұл сөздің *пышақтың жүзімен, өткірлігімен* байланысы бар екені аңғарылады.

Сөздердің тарихы, олардың шығуы мен қалыптасу құбылысы еш нәрсені аңғартпайтын, өзімен-өзі қалып қоятын құбылыс емес. Сөздердің өзгеріп даму тарихынан, әсіресе олардың мағыналық жақтан даму тарихынан, адам ойлауының табиғат құбылыстары мен қоғам құбылыстарын ғасырлары бойы танып-білуге ұмытылып күш салуының тарихы көрінеді [10] деген пікірді орынды деп санаймыз.

Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеу — бұл этностың тіл әлеміне тән лексикалық байлықты тұтас та түбегейлі меңгеру, мән-жайын терең түсіну және түсіндіру арқылы этнос болмысын паш ету деген мәселе.

Тіліміздегі мағынасы түсініксіз сөздердің сырын ашуда академик Р.Сыздықованың еңбегі өте зор екендігін аңғардық. Сөз этимологиясын зерттеу, әрине, оңай емес. Бүгінгі таңда бізге беймәлім, мағынасы күңгірттенген, қолданылуы шектелген сөздердің бірқатарын ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанып, біртұтас болып құрылған сөздерді фразеологизмдер немесе қос сөздер құрамынан іздегеніміз абзал. Ол үшін тұспал, жоба емес, пайымды да, жүйелі зерттеулер қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Нұрмағамбетов Ә., Жүнісбеков Ә.* Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1988. — 200 б.
- 2 *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Ана тілі, 1994. — 118-б.
- 3 *Сыздықова Р.* Сөздер сөйлейді. — Алматы: Санат, 1994. — 272 б.
- 4 *Нұрмағанбетов Ә.* Тіліміздегі кейбір диалектизмдер төркіні // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. — Алматы: Ғылым, 1990. — 26-б.
- 5 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1966. — 178-б.
- 6 Фразеологиялық сөздік. — Алматы: Арыс, 2007. — 800 б.
- 7 *Қашқари М.* Диуани лұғат-ат-түрік. — II-т. — Алматы: Хант, 1997. — 142-б.
- 8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Дайк-пресс, 2008. — 968 б.
- 9 *Қайдар Ә.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 209 б.
- 10 *Аханов К.* Тіл білімінің негіздері. — Алматы: Мектеп, 1978. — 79-б.

З.Н.Жуынтаева, А.И.Жұманбаева

История развития слов неясным значением

В основной словарный фонд казахского языка входит целый пласт слов, который в процессе исторического развития подвергался некоторым изменениям. Поэтому определенную трудность представляет определение этимологии и значения некоторых слов. В статье рассмотрены слова с неясным значением в составе парных слов и фразеологических сочетаний. Авторы определили, из какого языка они были заимствованы, в каком значении употреблялись, а также их исходный морфемный состав и семантику. Проанализировали особенности их употребления и значения в древнетюркском и других тюркских языках. Доказано, что история развития словарного состава казахского языка в разные периоды развития языка может изменяться.

Z.N.Zhuyntayeva, A.I.Zhumanbayeva

History of development of words with unclear value

The fixed dictionary assets of the Kazakh language include the whole layer of words which in the course of historical development is exposed to some changes. Therefore presents some difficulty to define etymology and values of some words. In article words with the darkened (unclear) value as a part of pair words and phraseological combinations are considered. Authors define from what language they were borrowed, in what value were used, and also their initial morphemic structure and semantics. Analyze features of their use and value in drevneturksky and other Turkic languages. Authors prove that history of development of dictionary structure of the Kazakh language during the different periods of development of language can change.

References

- 1 Nurmagambetov A., Zhunisbekov A. *Problems of a historical lexicology of the Kazakh language*, Almaty: Gylym, 1988, p.118.
- 2 Iskakov A. *Modern Kazakh language*, Almaty: Ana tyly, 1994, p.384.
- 3 Syzdykova R. *From history of words*, Almaty: Sanat, 1994, p. 272.
- 4 Nurmagambetov A. *Regional features in the Kazakh language*, Almaty: Gylym, 1990, p.26.
- 5 *Short etymological dictionary of the Kazakh language*. — Almaty: Gylym, 1966, p.178.
- 6 *Phraseological dictionary*, Almaty: Arys, 2007, p.800.
- 7 Kashkari M. *Diواني lygat-at-Turik*, II, Almaty: Khanty, 1997, p.142.
- 8 *Explanatory dictionary of the Kazakh language*, Almaty: Dayk-press, 2008, p. 968.
- 9 Kaydar A. *Topical issues of the Kazakh language*, Almaty: Ana tyly, 1991, p. 209.
- 10 Akhanov K. *Fundamentals of linguistics*, Almaty: Mektep, 1978, p. 79.

Репозиторий Қарғу